

Павлодар облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 14/1 қаулысы

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-1-бабына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2013 жылғы 29 қарашадағы "Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілері қызмет этикасының қағидаларын бекіту туралы" № 405/13 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3651 болып тіркелген, 2013 жылғы 31 желтоқсанда "Сарыарқа самалы", "Звезда Прииртышья" газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Павлодар облысы әкімдігінің 2015 жылғы 27 тамыздағы "Павлодар облысының жергілікті бюджеттерінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың "Б" корпусы әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалау әдістемесін бекіту туралы" № 255/8 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4708 болып тіркелген, 2015 жылғы 2 қазанда "Регион.kz" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімі аппаратының басшысы Р.Қ. Оразғұловқа жүктелсін.

Облыс әкімі

Қ. Бозымбаев